

Маңызды стратегиялық мәні бар тауарлар, жұмыстар мен қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 желтоқсандағы N 1233 қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес және маңызды стратегиялық мәні бар "Орта Азия - Орталық" магистральды газ құбырын жаңғыртуды жүргізу қажеттілігіне байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Маңғыстау облысында орналасқан "Орта Азия - Орталық" магистральды газ құбырының "Опорная" компрессор стансасында (бұдан әрі - "Опорная" КС "ОАО" МГҚ) жобалау, жабдықтарды сатып алу және құрылыс-монтаж жұмыстары бойынша маңызды стратегиялық мәні бар тауарлар, жұмыстар мен қызмет көрсетулер беруші (бас мердігер) болып MAN Ferrostaal Industrieantagen GmbH (Германия) компаниясы белгіленсін.

2. "ҚазТрансГаз" жабық акционерлік қоғамына Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес бір көзден мемлекеттік сатып алу тәсілімен "Опорная" КС "ОАО" МГҚ-да жобалау, жабдықтарды сатып алу және құрылыс-монтаж жұмыстары бойынша MAN Ferrostaal Industrieantagen GmbH (Германия) компаниясымен шарт жасасу ұсынылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін-атқарушы